Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының ШЖҚ «Облыстық жедел медициналық жәрдем станциясы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының 2026 жылғы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы талдамалық анықтама

Түркістан облысы **09.10.2026 жыл**

Кіріспе бөлім:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау (бұдан әрі – Ішкі талдау) жүргізу негіздеме:

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңы;

Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 16.01.2023 жылғы №21 бұйрығы;

Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Облыстық жедел медициналық жәрдем станциясы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (бұдан әрі - кәсіпорын) басшысының «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» ТО ДСБ ШЖҚ «Облыстық жедел медициналық жәрдем станциясы» МКК-ның басшысы Б.Мырзагелдиевтың 2026 жылғы 10 тамыздағы № 270 бұйрығы.

2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау объектілері:

Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасы ШЖҚ «Облыстық жедел медициналық жәрдем станциясы» МКК-ның жоспарлау бөлімі, бухгалтерлік есеп-қисап бөлімі, кадр бөлімі, шаруашылық бөлімі және жедел жәрдем бекеттері.

3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізген жұмыс тобының мүшелері:

Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасы шаруашылық жүргізу құқығындағы «Облыстық жедел мециналық жәрдем станциясы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының экономика және шаруашылық жөніндегі басшы орынбасары - Ғ.А.Сәрсенбай - топтың төрағасы, Емдеу ісі жөніндегі басшы орынбасары - Ш.К.Оспанова, Кадр бөлімінің басшысы- Б.Б.Ысқақ, Кәсіпорын заңгері- О.Ә.Омар, Комплаенс офицері- Н.С.Абдулла.

4. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау кезеңі:

2026 жылдың 17 тамыз –28 қыркүйек аралығы.

5. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін қамту кезең:

2025- 2026 жылдың 28 қыркүйек айы.

6. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу барысында шектеу немесе кедергі жасау:

Сыбайлас жемқорлық ішкі талдау жүргізу барысында жұмысшы топ мүшелеріне шектеу немесе басқада кедергі жасау болмады.

7. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау бағыттары.

1.Кәсіпорынның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметі бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері.

Сипаттама бөлімі:

1.Кәсіпорынның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметі бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері.

1)Персоналды басқару

«Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің жұмысшы тобы бөлімнің өз қызметінде басшылыққа алатын Заңдар, Кодекстер, нормативтік-құқықтық актілер, басқа да құқықтық актілерді қарастырады.

Қазіргі таңда ШЖҚ «Облыстық жедел медициналық жәрдем станциясы» МКК-да барлығы штат бойынша 2625,5 адам жұмыс жасайды.

2025 жылдың қаңтар айынан бастап кәсіпорынмен еңбек шартын бұзғандар саны- 207 адамды құраса, еңбек шартын түзгендер саны 329 адамды құрайды. 2026 жылдың қыркүйек айына дейін кәсіпорынмен еңбек шарты бұзылғандар саны – 131 адам құраса, еңбек шартын түзгендер саны 225 адам құрады.

ҚР әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің 98 бабына сәйкес кәсіпорында бос жұмыс орын туралы ақпараттарды enbek.kz сайтына мерзімінде орналастарылады.

Азаматтарды жұмысқа қабылдау «Jumys Smartnation» бағдарламасы арқылы жүзеге асырылады. Бағдарламаға бос жұмыс орындары жарияланып, үміткерлер тиісті құжаттарын жүктеп, тестілеуден өтеді. Тестілеуден сәтті өткен жағдайда үміткермен Облыстық жедел медициналық жәрдем станциясы басшысының 2025 жылғы 31 қаңтардағы №38 н/қ бұйрығымен құрылған, 5 адамнан тұратын комиссия мүшелері сұхбат жүргізеді. Сұхбат барысында үміткердің білімі мен біліктілігі бағаланып, нәтижесі хаттамамен рәсімделеді. Талдау жүргізу барысында бос жұмыс орындары туралы ақпараттарды желіге орналастыру бойынша және азаматтарды жұмысқа қабылау кезінде заң бұзушылықтар анықталмады.

Кәсіпорын қызметкерлерін конкурстық іріктеуді жүргізбей лауазымға тағайындауда, қызметкерлерді жұмыстан шығаруда, лауазымды ауыстыру кезінде және қызметкерлердің біліктілік талаптарының сәйкес келмеуі бойынша заң бұзушылықтар анықталмады.

Кәсіпорыннан жұмыс берушінің бастамасымен жұмыстан шығарылған қызметкерлер туралы:

2026 жылы есепті кезеңде жұмыстан жұмыс берушінің бастамасымен еңбек шартын бұзғандар:

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 49-бабының 1-тармақшасына, 52-баптың 9-тармағы және 96-бабының, 2-тармағына сәйкес жұмыс берушінің бастамасынмен 1 қызметкер жұмыстан шығарылған.

Басшының бастамасымен еңбек шартын бұзылғанда сыбайлас жемқорлық тәуекелдері байқалмайды.

Тәртіптік жаза алған қызметкерлер:

Кәсіпорында түрлі себептермен тәртіптік жазаға оның ішінде сөгіс, қатаң сөгіс алған қызметкерлер саны 2025 жылдың қаңтар айынан бастап 217 қызметкер болса, 2026 жылы қыркүйек айына дейін 182 қызметкерлер тәртіптік жазаға тартылған.

Дәрігерлер және орта буынды медициналық қызметкерлер толықтай ақпараттық жүйемен жұмыс істеуге даярлықтан өткен.

4) Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу.

2025 жылы «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» арқылы 11 920 715,03 мың теңгеге келісімшарттар жасалды. Оның ішінде 8 262 990,27 мың теңге қызметкерлердің айлық жалақысын төлеуге жұмсалды, ал қалған қаражат Облыстық жедел медициналық жәрдем станциясын қажетті жабдықтармен қамтамасыз етуге бағытталды.

Мемлекеттік сатып алу веб-порталында жарияланған төмендегі келісімшарттар бойынша міндеттемелердің орындалу мерзімдерінің кешігуі және олардың толық орындалмау себептері анықталды.

1) 2024 жылғы 27 қарашада өнім беруші ЖК «Керемет» пен №172 келісімшарт жасалған. Алайда өнім беруші келісімшартта көзделген автокөлік бөлшектерін 16 күнтізбелік күн ішінде жеткізу міндеттемесін орындамаған. Осыған байланысты 2025 жылғы 30 қаңтардағы сот шешімімен ЖК «Керемет» мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылып, мемлекет пайдасына 1 846 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж алымы өндірілген.

2) 2025 жылғы 18 қаңтарда өнім беруші ЖК «Ай-Ерке» мен №4 келісімшарт жасалған. Алайда өнім беруші келісімшартта көзделген автокөлік бөлшектерін 16 күнтізбелік күн ішінде жеткізу міндеттемесін орындамаған. Осыған байланысты 2025 жылғы 16 сәуірдегі сот шешімімен ЖК «Ай-Ерке» мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылып, мемлекет пайдасына 1 966 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж алымы өндірілген.

3) 2026 жылғы 08 сәуірінде өнім беруші «TUMAR VIP EXCHANGE» ЖШС мен №070340010238/260120/00 келісімшарт жасалған. Алайда өнім беруші келісімшартта көзделген техникалық сипаттамаға сәйкес жеңіл автомобиль 20 күнтізбелік күн ішінде жеткізу міндеттемесін орындамаған. Осыған байланысты 2026 жылғы 17 маусымдағы сот шешімімен «TUMAR VIP EXCHANGE» ЖШС мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылып, Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасы ШЖҚ «Облыстық жедел медициналық жәрдем станциясы» МКК-ның пайдасына 507 560 теңге тұрақсыздық айыппұл және 15 277 теңге мемлекеттік баж алымы өндірілген.

5)Қызметтің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз ету;

Кәсіпорынның әлуметтік желідегі парақшалары 2020 жылы ашылған (*instagram, Facebook*).

Кәсіпорынға қатысты әлуметтік желідегі парақшаларда және БАҚ-та кәсіпорынға қатысты резонанс туғызатын жариялымдар анықталмады.

Кәсіпорында жеке және заңды тұлғалардың өтініштері мен шағымдары тіркелген және мерзімінде жауап берілген.

6)Ұйымдастыру-басқару қызметінен туындайтын өзге де мәселелер

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңының 22-бап 1-тармағына сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды өз құзрет шегінде барық мемлекеттік органдар, квазимемлекеттік сектор субьектілері мен лауазымды адамдар жүргізуге міндетті.

Мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, квазимемлекеттік сектор субьектілерінің басшылары бағынысты қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу жөніндегі лауазымдық міндеттерін орындағыны не тиісінше орындамағаны үшін ҚР заңдарына сәйкес тәртіптік жауаптылықта болады.

Талдау обьектісі қызметкерлерінің басқару функцияларды орындауға уәкілет жемқорлыққа қарсы шектеу қабылданған. Бұзған және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаған үшін қылмыстық жауаптылыққа тарту фактілері орын алмаған.

Талдау обьектісінің қызметкерлеріне қатысты сыбайлас жемқорлық сипаттағы заңсыз іс-әрекеттер жеке және заңды тұлғалардың, оның ішінде БАҚ-та шағымдар анықталмады.

Қорытынды:

1. Жүргізілген ішкі талдау нәтижелері бойынша мекеменің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету, ішкі бақылауды жетілдіру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жөніндегі профилактикалық шараларды іске асыру қажеттілігі белгіленді.

Анықтама мекеме басшысына қарау және тиісті ұйымдастырушылық шаралар қабылдау үшін ұсынылады.

Басшы **Б.М.Мырзагелдиев**

Жұмыс тобының мүшелері:

Экономика және шаруашылық жөніндегі басшы орынбасары _____ Ғ.А.Сәрсенбай

Емдеу ісі жөніндегі басшы орынбасары _____ Ш.К.Оспанова

Кадр бөлімінің басшысы _____ Б.Ысқақ

Кәсіпорын заңгер _____ О.Ә.Омар

Комплаенс офицер _____ Н.С.Абдулла